

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ерейментау қаласының Насыр Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ-сі

КГУ «Школа-лицей имени Насыра Смагулова города Ерейментау отдела образования по Ерейментаускому району управления образования Акмолинской области»

**Бұйрық**

1.09.2021

Ерейментау қаласы

**Приказ**

№ 413

город Ерейментау

**«Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы»**

ҚР «Білім туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағының 7-тармақшасын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 14,19 тармақтарын, «Орта білім беру мекемелерінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018 №598 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақмола облысының бас санитарлық дәрігерінің 03.03.2021 жылғы №11/білім беру объектілеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін қайта бастау туралы қаулысына сәйкес 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 0-11 сынып оқушылары үшін шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды сақтай отырып, ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы жүргізуге жауапты тұлға ретінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. В. Иващенко тағайындалсын.

3. Оқушылардың контакттарын азайту мақсатында мектеп асханасының жұмыс істеу кестесі бекітілсін.

4. Сынып жетекшілері сынып оқушыларын ыстық тамақпен барынша қамту қамтамасыз етілсін. Тамақтану кезінде санитарлық-гигиеналық нормалар мен тәртіпті сақтай отырып, оқушылардың мектеп асханасына баруына күнделікті бақылау жүргізілсін.

5. 1-сынып оқушыларын және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатындағы оқушыларды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан оқушыларды; жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен,

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтандыру қамтамасыз етілсін.

6. Оқушылардың ыстық тамағының ұйымдастырылуын және сапасын бақылау жөніндегі жұмыс тобы келесі құрамда бекітілсін:

А.В. Иващенко - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А. С. Аубакирова - мектеп медбикесі

Г. М. Ибраимова – ата-аналар комитетінің төрағасы

7. Мектеп медбикесі А.С. Әубәкірова ас блогының қызметкерлерімен санитарлық сауаттылық және жеке гигиена ережелерін сақтау бойынша жұмыс жүргізісін, оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға, дайындалатын тағамның сапасына медициналық бақылауды күшейтсін, күн сайын тамақ өнімдерінің бракеражын жүргізісін.

8. Аспаз Л.И. Мележик өнімдерді сақтауға, дайын тағамдарды дайындауға және таратуға қойылатын белгіленген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтасын, ас үй жабдықтары мен ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуін бақыласын, ас үй мен асхана бөлмелерін санитарлық өңлеу мен тазалауды уақтылы жүргізісін.

9. Мектеп сайтында мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы ақпарат жүйелі түрде ұсынылсын және оқушылар мен ата-аналар арасында дұрыс тамақтану мәдениетін насихаттау мақсатында «мектептегі тамақтану» айдары ашылсын.

10. Оқушылардың бойында дұрыс тамақтану, этика, тамақтану, алиментарлық-тәуелді аурулардың алдын алу мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.В. Иващенкоға жүктелсін.

Мектеп директоры



Е. Т. Жахин